

АРАБ-ИЗРАИЛЬ ҚАҚТЫҒЫСЫ

Дошмат Айым Жанатқызы

adoshmat@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰҰ Халықаралық қатынастар факультетінің
Халықаралық қатынастар кафедрасының,
Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Джумадилова Г.М.

Таяу Шығыс қақтығысы әлемдегі барлық реттелмеген қақтығыстардың ішіндегі ең ұзағы болып табылады, ал оны бейбіт жолмен реттеу процесі бірнеше онжылдықтан астам уақыт бойы бүкіл әлемдік қоғамдастық үшін ең өзекті мәселе болып қала береді. Аймақтағы шиеленісті жағдайды жеңілдету үшін ең ықпалды мемлекеттер, сондай-ақ ірі халықаралық ұйымдар жанжалды бейбіт жолмен шешуге тырысуда. Бірақ, барлық осы күш-жігерге қарамастан, бітімгершілік әрекеттері берік және ұзаққа созылатын нәтижелерге әкелмеді, ал аймақтың жанжалдылық дәрежесі бойынша қақтығыс айқын өсу үрдісіне ие. Шиеленістің шешілмеу себептерінің бірі, әр «бейбіт серпілістен» кейін жаңа конфронтацияның құрылуы. Бұл соғысышу тараптардың және олардың халықаралық демеушілерінің арасында белгілі бір песимизмді тудырады. Кейбір жағдайларда Араб-Израиль қақтығысы жақын болашақта мүлдем шешілмейді деген пікір де айтылады. Сонымен бірге, Араб-Израиль қақтығысының күрделілігіне қарамастан, оны "мүлдем шешілмейтін" деп анықтау дұрыс болмас еді[1].

Екінші дүниежүзілік соғыс барысында, нацистік холокосттан, антисемиттік Еуропадан қашқан еврейлер Палестина территориясына жер аударуды мақсат көріп, сионистік қозғалысты тудырғанымен, біршама уақыт бойы еврейлердің кішігірім қауымдастықтары палестиналық қауымдармен бейбіт өмір сүріп келген. Бірақ кейін Біріккен Ұлттар Ұйымы сионисттерге Палестина жерінің көп бөлігін ұсынып, оны Израиль деп атағанда, әрине де палестиналық арабтар бұған қарсы болып, соғыс жариялады, кейін өздеріне бауырлас мемлекетті қорғауға тырысқан басқа да араб мемлекеттері осы жағдайға араласа кеткен, олар: Египет, Сирия, Иордания мемлекеттері. Соғыс араб мемлекеттері мен Израиль арасында болғандықтан «Араб- Израиль соғысы» деп аталып кетті. Қақтығыстың аяқталуына қарай Израиль Палестинаның тарихи территориясының 78% иемденген болытын.

Қақтығыс кезінде Отанынан кетуге мәжбүр болған палестиналықтар еліне қайта оралуға тырысқанда, сол жердегі жаңа мемлекет- Израиль оларға мемлекет территориясына өтуге тыйым салған болатын. Ал сол жерде қалып қойған палестиналықтар өз туған Атамекенінде екінші сұрыпты халық болып қала берді. Қуғынға ұшыраған палестиналықтар Газа секторы мен Иордан өзенінің батыс жағалауына көшуге мәжбүр болды, алайда 1993 жылы екі мемлекетті татуластыруға мүмкіндік- «Израиль мен Палестинаны азат ету ұйымдары арасында келіссөз» өткен, онда Газа мен Иорданияның батыс жағалауына Палестина мемлекетін жайғастыру туралы шешімге келген, алайда сионистік оңшыл күштер бұл келісімге жол бермеуге тырысып, палестиналықтармен келісімге келген премьер-министр- И.Рабинді өлтірген. Қазіргі күнге дейін жалғасып келе жатқан дау-жанжалдың себебі де сол жер дауы, Израиль 1967 жылғы соғыс нәтижесінде жаулап алынған Газа мен Батыс Иорданиядағы жерлерді өзіне қосып алмақшы.

Жоғарыда айтылғанның негізінде Араб-Израиль қақтығысының негізгі себептерін келсі жолмен топтастыруға болады:

Тарихи - (Тарихи Отан принципі: көптеген антропологиялық және археологиялық зерттеулер көрсеткендей, Палестина аумағында б.з.д. XIII ғасырдан бастап еврей тайпалары өмір сүрген, б. з. д. XI-VI ғасырлар аралығында еврей мемлекеттері болған.)

Этникалық- (бұл қақтығысты басқаша арабтар мен еврейлер арасындағы қақтығыс деп те атайды.

Территориалдық (палестиналықтар тұрып жатқан жерден қудаланған еврейлер үшін мемлекеттің құрылуы).

Кесте 1. Коннект анализ: (автормен жасалған)





Схема 1 (автормен жасалған)



Шиеленіске қатысушы мемлекеттердің қатынастарын талдау арқылы келесі критериялар бойынша байланыстар анықталды:

- 1
 - 2
- халықаралық ұйымдар шеңберінде әрекеттесуі
қару-жарақ саудасына сай әрекет ету

Бірінші критерий бойынша келесі байланыстарды анықтауға болады.

Араб мемлекеттер лигасы (Палестина, Сауд Арабиясы, Египет, Ирак, Ливан, Сирия, Йемен,Иордания)

БҰҰ- (АҚШ,Рсей, Ұлыбритания, Франция, Палестина, Сауд Арабиясы, Египет, Ирак, Ливан, Сирия, Йемен,Иордания)

Араб мемлекеттер лигасы Израиль мемлекетіне қарсы,палестиналықтардың мүдделерін қолдауда, ал БҰҰ сионисттердің принциптеріне негізделіп, оларға да мемлекет құруға мүмкіндік берген еді.

Бірінші критерий бойынша қатынастарды анықтай халықаралық ұйымдар негізінде мемлекеттер арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік берді.

Екінші критерий бойынша:

1973 жылы АҚШ Израильге Араб елдеріне қарсы тұруға көмектескені, әлі күнге дейін оған қару жарақ пен әскерін қамтамасыз етіп тұрғаны(Израиль- АҚШ тарапынан ең үлкен материалдық қолдау алушы).

Үшінші критерий бойынша:

Араб мемлекеттері-Израиль – негізгі қарама-қайшы тараптар

АҚШ-Ресей – Қырғи қабақ соғысты Таяу Шығыста жалғастыруда

АҚШ,Ресей- Франция, Ұлыбритания – АҚШ және Еуропа мемлекеттеріне Таяу Шығыс мәселелеріне араласуға жол бермейді.

Израиль-ХАМАС- ХАМАС бүгінгі күні Палестина мүделерін қорғаушы тарап ретінде Израильға қарсы.

Төртінші критерий бойынша:

Еуропа елдері, АҚШ, Ресей, қарама-қайшы негізгі екі тараптан басқа барлық мемлекеттер әрине де ең алдымен өз мүделерін көздейді.

Орта мерзімді перспективада әлемдік қоғамдастықтың барлық күш-жігеріне қарамастан, бейбіт реттеу процесі күмәнді болып көрінеді. Бүкіл тарихи тәжірибе исламистердің "кәпірлерге" қарсы күресте идеологиялық догмаларды қатаң ұстанатындығымен, Палестинаның ымыраға келуі мен бөлінуі идеясын жоққа шығарумен байланысты. Олардың дүниетанымы аясында еврейлердің Палестина аумағынан қуылуы - "барлық арабтар мен мұсылмандардың қасиетті парызы"[2].

90-шы жылдардың бірінші жартысының соңы араб-израиль бейбітшілігі процесін реттеудің айтарлықтай ілгерілеуімен ерекшеленді: 1991 жылы Мадридте араб-израильдік реттеу мәселелері бойынша халықаралық конференция өтті, 1993 жылдан бастап Ослода, Вашингтонда, Шарм-әл-Шейхте ал Уай плантациясына бірқатар аралық келісімшарттарғы қол қойылды.

1994 жылы палестиналықтармен бейбіт келісім жасалды. Израиль мен Иордания арасындағы келісім, сегіз араб елдері. Израильде өз өкілдіктерін ашты. Израиль мен араб елдері мен палестиналықтар арасындағы бейбіт реттеу процесінің алға басуы.

Израильдегі ішкі саяси жағдайдың ушығуына алып келді. Бұл үкіметтің аумақтық концессияларына қарсы жаппай демонстрациялар ғана емес, сондай-ақ қоғамның алдыңғы жылдары араб-израиль қақтығысымен ғана айналысуына байланысты бірқатар салаларда әлеуметтік-этникалық теңсіздікке байланысты елде жинақталған проблемаларды шешілмеуі де себеп болды. Соңғы жылдары бейбіт дипломатияның Таяу Шығыстағы жанжал қатысушылары арасындағы ресми бейбіт келісімдерге қол жеткізу үшін айтарлықтай күш жұмсалды.

Тәжірибе көрсеткендей, келісім-шарт жасасқаннан кейін тату көршілік қатынастар жүйесін құру қол қоюға апаратын жолдан да оңай емес. Бейбіт келіссөздер әрдайым сәтті аяқталмайды, тіпті егер олар аяқталса да, ресми келісімдер өздері жаңдайды өзгерте алмайды. Бейбітшілікке деген жол көптеген бейбіт келіссөздерден кейін де өте ұзақ болуы мүмкін. Бірнеше жыл бұрын, Мұстафа Навайсех, 90-жылдардағы Израиль-Иордания қатынастарының динамикасын сипаттай отыра былай деген: «Қазіргі жағдайды болашақтағы шынайы бейбіт бейбітшіліктен бөлетін әлі де өте ұзақ жол бар». Бұл тұжырым әлі күнге дейін өз өзектілігін сақтауда, тіпті бүгінгі «еңсеру керек» жол бұрынғыдан да ұзағырақ секілді [3].

Қорытындылай келе, әлемдік қоғамдастықтың Араб-Израиль қақтығысын шешуге бағытталған барлық әрекеттері маңызды нәтижелерге әкелмегеніне қарамастан, жанжалға қатысушылар мәселені реттеу тек бейбіт жолмен жүруі керек екенін нақты түсінетіндігін де бұл мәселедегі белгілі бір жетістік деп санауға болады.

Бірақ бұл жанжалға қатысушылар арасындағы қарым-қатынастағы жаңа кезеңнің күрделілігі. Соғыс-бұл стратегия мен тактика мәселесі, мұнда ең мықтылар жеңіске жетеді, ал келіссөздер белгілі бір жеңілдіктерді және кейде үлкен мәселелер бойынша да.. Мұның бәрі тараптардың оларға қашан және қаншалықты дайын болуына байланысты. Қазіргі уақытта Тараптардың ешқайсысы айтарлықтай жеңілдіктер жасауға дайын емес сияқты [4].

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ахмедов В. Палестинская проблема в свете арабо-израильского урегулирования // Текст доклада на 3-й Международной арабо-исламской конференции по информационной поддержке Палестины в Дамаске 2007 г.
2. Исламизм и экстремизм на Ближнем Востоке. М.: ИИИБВ, 2007. 285 б
3. АЛЕК Д. ЭПШТЕЙН БЕСКОНЕЧНОЕ ПРОТИВОСТОЯНИЕ. ИЗРАИЛЬ И АРАБСКИЙ МИР: ВОЙНЫ И ДИПЛОМАТИЯ ИСТОРИЯ И СОВРЕМЕННОСТЬ / М.2003.-199-2006.

4. И.В. Рыжов, М.Ю. Бородин. АРАБО-ИЗРАИЛЬСКИЙ КОНФЛИКТ: ИСТОРИЧЕСКАЯ РЕТРОСПЕКТИВА, СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ТЕНДЕНЦИИ / <https://cyberleninka.ru/article/n/arabo-izraillskiy-konflikt-istoricheskaya-retrospektiva-sovremennoe-sostoyanie-i-tendentsii/viewer> 3386.